

Тассуат ауылының аумағында карантин белгілеу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Нұра ауданы Тассуат ауылының әкімінің 2020 жылғы 25 қыркүйектегі № 5 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 25 қыркүйекте № 6044 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Нұра ауданы Тассуат ауылының әкімінің 2020 жылғы 6 қарашадағы № 6 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Нұра ауданы Тассуат ауылының әкімінің 06.11.2020 № 6 шешімімен (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес, Тассуат ауылының әкімі ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Құстар арасынан жоғары патогенді құс тұмауы ауруының анықталғанына байланысты Тассуат ауылының аумағында карантин белгіленсін.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Тассуат ауылының әкімі

М. Аманжолов